ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРДАРА АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ « ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА ИМЕНИ КУРМАНГАЗЫ САГЫРБАЙУЛЫ» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ШАРДАРИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

**01.09.2022 ж № 189**

**«Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5- бабының, 14)- тармақшасына және Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.08.2022 жылғы №270, «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынандай мерзімдері айқындалсын:
   1. 2022-2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1- қыркүйек;
   2. оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
   3. оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында). 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қосбайға жүктелсін.

Мектеп директоры: Ж. Нұрымбет